



Егемен Қазақстан


Мінезі аңқылдаған, дауысы саңқылдаған әнші

Тотыдайын таранған,

Сұңқардайын сыланған,

Сұлу Жібек бар ма екен? –

деп, термені бастағанда Кеңес аға шабыттанып, ерекше бір күйге түседі. Дауысы шаңқ еткен қыранның үніндей саңқылдаш шығады. Әр сөзін шегелеп айтады. Оны танымай қаласың. Әдеттегі биязы мінезінің қайда кеткенін білмей аң-таң боласың.



Бұл – «Қыз Жібек» операсындағы Шегенің ариясы екенін біліп отырсыздар. Қазақтың алғашқы операсы «Қыз Жібекті» Ленинград қаласынан келген Евгений Григорьевич Брусиловский қазақтың халық әндерінің негізінде, белгілі жазушы Фабит Мұсіреповтің либреттосы бойынша жазғаны белгілі. Оған халық арасынан шыққан өнерпаздар – Құләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Манаrbек Ержанов, т.б. көмекке келді. Олар халықтың, халық композиторларының әндерін айтып беріп, композитор оларды нотаға түсіріп алатын. Евгений Брусиловский опера кейіпкерлеріне лайықты әндерді іріктең алып отырды. Қөптеген ән жазылды. Төлегенге де әуен табылды, Бекежанға да ән табылды. Басты кейіпкер Жібекке ән табу қыын болды. Құләш та, Қанабек те, Жандарбек те өздері билетін әндерді естеріне түсіріп, айтып бергенмен олардың арасынан Жібектің ариясына лайық ән табылмады.

Бір күні ойда жоқ оқиға болды. Олар Алатаудың бөктерінде Алматыға таяу жердегі саяжайда жұмыс істейтін. Жібекке ән таба алмай шаршап қалаға қайтып келе жатқан еді. Ол кезде машина тапшы. Үшеуі пар ат жеккен тарантас-пен келе жатады. Қаланың шетіне таянғанда, бір ауладан әдемі ән естіледі.

Бақ ішінен сзыла шыққан қыз дауысы бұларға қатты әсер етеді. Сол кезде Күләш атып тұрып, тарантасты «тоқтат» деп белгі береді. Ат айдаушы тарантасты тоқтатып, бәрі ұйып тыңдап қалады. Әннің қайырмасына келгенде Күләш та әнге қосылып, «Гәкку, гәкку» деп шырқай жөнеледі. Шабыттанған Күләш: «Евгений, Жібектің ариясы осы» деген екен.

Сонымен, Жібектің ариясы табылды. Ендігі қындық Шегенің термесінде болды. Бірде Евгенийге Манаrbек келеді. Бұл келгенде композитор Шегеге әуен таппай, қиналып отырган екен. Сол кезде оның ойына Манаrbектің ән шығаратыны түсे кетеді ғой. Содан ол қонағына қолқа салыпты. «Шегенің термесін шығар, опера да өзің айтатын боласың» дейді ғой. Арада екі-үш күн өткенде Шегенің термесін алғып келеді Манаrbек. Кейін операның премьerasында өзі Шеге болып шығады. Шегені сомдаған Манаrbек өзінің туындысы болғасын ба, әйтеуір ерекше шабытпен орындастын. Термені Манаrbектен басқа адам айта алмайтында көрінетін.

Алайда ерекше дарынымен есте қалған Фарекең – Фарифолла келді. Фарифолладан кейін оның өнерін жалғастырган Кеңес аға Бақтаев болды.

Кеңес Бақтаев қазақ музыка өнерінің тарландары Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев өскен киелі ауылдың түлегі. Ол қарапайым колхозшының отбасында 1937 жылдың 15 наурызында дүниеге келді. Әкесі Бақтай колхоз шаруашылығын өркендетуге көп үлес қосқан еңбекқор адам болған. Кеңестің анасы Рахила дарынды әнші, суырыпсалма, айтыскер ақын екен.

Кеңес жастайынан әнге, жырға әуес болып өскен. 5 жасынан бастап радиодан берілген әндерді жалықпай тыңдайды екен. Сол әндерді есіне сақтап, ыңылданпайтын жүретін болған. 1943 жылы үлкен ағасы Қажытай соғыстан жараланып елге оралады. Кеңес ширақ, көпшіл, әңгімелешіл болып өсті. Майданнан оралған ағасынан соғыс туралы әңгімелерді тыңдағанды ұнататын. Ағасы оған соғыс туралы әндерді үйрететін. Кеңес әндерді тез қағып алатын еді. Ол ағасынан орыстың «Катюша», «Три танкиста» деген әндерін жылдам үйреніп алғып, орысша білмесе де, «Три танкиста, три веселых друга, экипаж машины боевой» деген сөздерін жаттап алғып, әндептіп, айтып жүреді екен. Ағасынан «Айттым сәлем, қаламқас», «Дударай» әндерін үйреніп алады. Мектепте өткен байқауларда ән айтып, женімпаз болып, аудандық фестивальдарда лауреат деген атақтарға ие болып жүрді. Ән айтуға деген қабілетін байқаулардан кейін Лепсі стансасындағы онжылдық мектепті тәмамдаған соң, ағасы оны Алматы консерваториясына алғып барады. Қабылдау комиссиясындағылар оларды «әншілерді кафедра менгерушісі Б.Жылышбаев басқа жерде қабылданып жатыр» деп Мәдениет министрлігіне жібереді. Бұл жерде Кеңестің дауысын тыңдап, музыкалық қабілетін тексеріп, «қабылданың, шақыру алғанда келесің» деп қайтарады. Күзде шақырумен Алматыға келген Кеңес оны консерваторияға емес, хор капелласына қабылдағанын біледі. Бұл кезде келесі 1958 жылы Мәскеуде өтетін Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қызу дайындық жүріп жатқан еді. Сөйтіп Кеңес хор капелласында музыкалық сауатын ашты. Мәскеуде өткен декадаға қатысты. Келесі жылы консерваторияның ән бөліміне оқуға

түсті. Мұнда ол соғыс жылдары Мәскеуден келген, кезінде Үлкен театрдың жеке әншісі болған А.А.Леонтьеваның сыныбында оқыды. Ұстаздық етумен қатар А.А.Леонтьева Абай атындағы опера және балет театрының солисі де болып қызмет атқарды. А.А.Леонтьева зейнетке шыққаннан кейін Қазақ КСР-нің халық әртісі, профессор Б.Жылысбаевтан оқып, консерваторияны бітірді. Бұл кезде Қазақ КСР-нің халық әртісі Қ.Жандарбеков консерваторияның жанынан ашылған опера студиясын басқаратын. Бітірушілер Кеңес пен Нариман сол студияда дипломдық жұмысын көрсетті. Олар М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсын дайындал, Н.Қаражігітов – Біржанның, К.Бақтаев – Естайдың рөлдерін ойнады. Осыдан кейін екеуі де опера театрына жұмысқа алынды. Кеңестің әртістік өмірі осылай басталды.

Оқып жүрген кезімізде опера театрының спектакльдерінен қалмаушы едік. Әсіресе, «Біржан-Сараны» көруден жалықпаушы едік. Тағы бірде Кеңес пен Нариман ойнайтын спектакльге екі-үш жолдасыммен бардым. Спектакль көп кешікпей басталып кетті. «Көтер туын базардың!» деп халық Қоянды жәрменекесін думандатып жіберді. Болыс Жанботамен ере келген Естай ақын екпінді жырға басты.

«Ай! – Құлаштай тартып гармонды,

Құлышынта әнге басайын.

Төкпектемін жел сөзді,

Тасқын судай тасайын.

Жиналған топқа алқалай,

Өлеңмен шашу шашайын»

– деп Естай-Кеңес бар дауысымен бастағанда, театр шаңырағының асты құңгірлеп, көрермен залы жаңғырып кетті. Құлағым бітеліп қалғандай еді. Қасымдағы жолдастарым да сондай күйде болған еken. Осы кезде ойыма бір оқиға түсті. Бір жұмысым болып, Кеңес аға сабақ өтетін бөлмесіне барсам, ол дайындалып жатыр еken. Шағын бөлме, ортада екі үлкен қара рояль бар. Ағамыз бар дауысымен шырқағанда, терезенің әйнектері дірілдеп, сынғырлап кеткен еді. Терезе шынылары сау етіп сыннып түсетіндей көрінген. Әнші дауысының күшіне сонда таңғалып едім.

Кеңестің театрда еңбек еткені оның шығармашылығына көп пайдасын тигізді. Ол Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Қанабек Байсейітов, Құләш Байсейітова, Бибігүл Төлегенова, Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжанов, Кәуken Кенжетаев, Шабал Бейсекова, Құрманбек Мырзабеков, Мұрат Толыбаев, т.б. тәжірибесінен үйренді, улгі алды. Дирижерлер Фуат Мансуров, Тұрғұт Османов жас әртістердің өсуіне көмегін аямайтын. Құрманбек Жандарбеков, Байғали Досымжанов сияқты тәжірибелі режиссерлердің қасында жүріп, олардың ақылын тыңдал, өнеге алу бір ғанибет еді. Осындағы қазақ өнерінің жұлдыздарының қатарында жүрудің өзі тәнірдің сыйы ғой. Мұны түсінген ол өзін бақытты сезінді.

Кеңес ағамыз опера сахнасында көптеген рөлдерді сомдады. Алғашқы рөлдерінің бірі М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсындағы Естай бейнесі. Қоянды жәрмеңкесіне келген Жанботаға қошемет көрсетіп, базарды қыздырып, «құлаштай тартып гармонды» дүрілдетіп әнге басады. Екпіндете бастаған әнші көрерменнің көңілін көтеріп, жадыратып тастайды. Жалпы, операның жарқын, шат-шадыман басталуына осы Естайдың термесі леп береді.

Одан кейінгі осы текстес рөлі Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Шеге бейнесі. Бұл рөлді Кеңес аға ерекше шабытпен, екпіндете орындал шықты. Оның өткір дауысы театр ішін жанғыртып, әсерлі бір сезімге бөледі. Кеңес ағаның осы бір шабытты шағы халықтың көңілінде жатталып қалғандай еді.

Соның әсерінен болды ма, кинорежиссер Сұлтан Қожықов «Қыз Жібек» кинофильмін түсірерде Кеңес ағаны кастингке шақырып алышты. Ондағы ойы Шегенің кинода айтатын «Біздің оқ» термесін айтқызып көру екен. Көп әншілер шақырылған екен. Ал іріктейтін комиссия мүшелері тіпті көп. Құрамында Габит Мұсірепов, Сапарғали Бегалин, Мәжит Бегалин, Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев, Камал Смаилов сияқты марқасқалар бар көркемдік кеңес қаншама әншілерді сыннан өткізді. Көп әншілердің ішінен Төлегеннің әнін айтуға Қайрат Байбосыновтың дауысын таңдал, Шегенің «Біздің оқ» термесін айтуға Кеңес Бақтаевтың дауысын лайық деп тауышты. Көркемдік кеңес мүшелері Бақтаевтың «үні таза, дауысы ашық, дикциясы анық, екпіні терменің характерін ашады» деп бағалаған екен. Солай Шегенің дауысы бекітілген екен. Фильмде Шеге боп ойнаған Әнуар Молдабеков Төлегеннің атқан оғын тауып алыш, ат үстінде шауып келе жатып осы термені айтады. Бүгінде «Қыз Жібек» қазақ кино өнеріндегі классикалық туынды болып бағаланып отыр. Осындай игілікті істе Кеңес Бақтаевтың да елеулі үлесі бар.

Кеңес Бақтаев опера театрының сахнасында көптеген күрделі рөлдерді шеберлікпен орындаады. Ол қазақ операларында: А.Жұбанов пен Л.Хамиидидің «Абай» операсында Нарымбет, Әзім, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында Шеге, «Ер Тарғын» операсында Балпан жырау, F.Жұбанованың «Еңлік-Кебек» операсында Жапал, Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» операсында Кейқуат, Тайшық хан, «Қамар сұлу» операсында Қияқбай, Нұрым, классикалық операларда: Дж.Пуччинидің «Тоска» операсында Сполетто, «Чио-чио-сан» операсында Горо, П.Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында Трике, А.Бородиннің «Князь Игорь» операсында Ерошка, Дж.Вердидің «Ригодетто» операсында Борса, балаларға арналған операларда: И.Дунаевскийдің «Теремок» операсында Әтеш, Б.Бриттеннің «Сиқырлы музыка» операсында Ішіл, Н.Богословскийдің «Мысықтың үйі» операсында Әтеш, И.Морозовтың «Алтын кілт» операсында Буратино рөлдерін шеберлікпен орындал, көрерменнің көңілінен өшпестей орын алды. Кеңес аға қарапайым, кішіпейіл, аққөніл, балажан адам. Соңдықтан да балаларға арналған операларда ерекше шабыттанып ойнайды. Сонысымен көрерменнің, әсіресе

кішкентайлардың көңілінде ұмытылмастай болып қалады. Көшеде оны көрғен балалар «Буратино ағай» деп қуанып қарсы алады. Ақкөңіл, адаптацияның қатты қуанады. Өзін бақытты сезінеді. Ол жас балалар рөлдерінде өзіндік ойын ернегін көрсете білді. Мұны әншінің өзіне ғана тән қайталанбас табиғи талантынан екендігі деп түсінген жөн.

Оның осындай табиғи қасиетіне, дарынына тәнті болған көпшілік әншінің жоғары бағалайды. Табиғи дарыны, Алланың берген қабілеті адамның ұрпағына да даритынын көп жерде байқап жүрміз. Кеңес ағаның тұнғыш перзенті Жаннат әкенің әншілік қабілетін бойына дарытқан екен. Осындай ән естіп өскен бала қалайша музыкаға жайбарақат болсын. Әнші әке музыкаға құштар қызын А.Жұбанов атындағы орта арнаулы музыка мектеп-интернатына орналастырады. Онда Жаннат фортепиано мамандығы бойынша ұстазы Нұрлан Измаиловтың сыныбында оқиды. Мектепті жақсы бітіріп шыққаннан кейін Алматы мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясына оқуға түседі. Консерваторияда ол вокал мамандығы бойынша Нәдия Абрахманқызы Шарипованың және Бекен Жылдысбаев сыныбында, фортепиано мамандығы бойынша Нұрлан Измаиловтың сыныбында білім алды.

Дарынды қыз студент кезінде-ақ әншілігімен көріне бастады. 4-курста жүргенде Республикалық Құләш Байсейітова атындағы және Бибігүл Төле-генова атындағы конкурста бірінші жүлдеге ие болды. Көптеген Халықаралық әншілер конкурстарында жүлделерді жеңіп алғып жүрді. Атап айтқанда, Ресейде өткен Михаил Глинка атындағы конкурста – 1-орын, Әзербайжанда өткен Бюль-бюль Мамедов атындағы конкурста – 2-орын, Солтүстік Кореяда өткен «Сәуір көктемі» атты конкурста – жүлдегер (1,2-орын деген жок), Болгарияда өткен әншілер конкурсында 2-орын алғып, еліміздің мақтанышына айналды.

Консерваторияны бітірген соң Жаннат әке жолын қуып, опера театрына жұмысқа орналасты. Ол бірнеше шетел опера театrlарында тағлымдамадан өтті. Атап айтқанда, Йези (Италия, 2009), Associazione Opera Italiana di Bologna (Болонья); ACCADEMIA Teatro alla Skala (Милан) театрларында өнерін шындалап, Кеннеди-орталық, Линкольн-театры (Вашингтон), Карнеги-холл (Нью-Йорк), Сантори-холл (Токио), Татарстанның F.Тоқай атындағы мемлекеттік филармониясы сахнасында (Қазан), Белоруссияның Үлкен театрларында (Минск), Карло Феличе театрларында (Генуя); Голландия бойынша өткен опера турларында өнер көрсетті.

Қазір ол «Астана-Опера» театрының белді де жетекші солисі. Классикалық және ұлттық операларда басты рөлдерді сомдап жүрген сахна шебері. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Қазақстандық «Алтын адам» конкурсының жеңімпазы, «Жыл адамы» жүлдегері.

Опера театрының ардагері, әншілердің саңлағы Кеңес ағамыз туралы кезінде талай құнды пікірлер, бағалы лебіздер айтылған болатын. Солардың біреуін келтірейік.

«Ойын өрнегінде ән орындаушылығында ұлттық бояуы мол, аға буын орындаушылық дәстүрімен айқын көрінген әнші К.Бақтаевтың саңқылдаған ашық та ұшқыр дауысы актерлік шебер орындауымен көрермен көңілінен шықты. Жас әншілерге үлгі боларлық бұл орындаушының сахнаға әр шығуының өзі терең тәлім аларлық ойын өрнегімен баурайды. Мұнда көптеген жас орындаушылар жоғалтып алған, халық арасынан шыққан аға ұрпақ өнерінің қайталанбас өзіндік қуат көздері бар. К.Бақтаев – сахнадағы еркіндігімен ерекшеленетін, музика тілін актерлік шеберлігімен сұлу шендестіре алатын, өз кейіпкерін шынайы сомдайтын әнші-актер», деп жазды музыкатану ғылымдарының докторы, профессор С.Күзембаева.

Жастардың ұлағатты ұстазы болған, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген сахна саңлағы Кеңес Бақтаев қазақ өнерінде өз қолтаңбасын қалдырған тұғыры биік тұлға.